

Р. Сманов* 

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: SmanovPHD@gmail.com

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ «АХУНДАР» МЕН «ИШАНДАРДЫҢ» РУХАНИ-ТАНЫМДЫҚ БАСТАУЛАРЫ МЕН БІЛІМ КӨЗДЕРІ

Мақалада Ахун мен Ишан ұғымдарын зерделеудің міндеттері көрсетіліп, олардың тәлім алған рухани көздері мен білімділік деңгейлері туралы тарихи зерттеулер жүргізілді. Олар негізінен алғанда, ХІҮ-ХҮ ғасырлардан бастау алатын ілімдерден келе жатқандығы көрсетілді. Сопылық ілім мен оның мистикасын қысқаша талдай келе, негізгі өкілдерін атап өттік. Сопылықтың нақшбандия тармағы мен оның негізгі қағидалары көрсетілді, діни философиялық дүниетанымдық бағдарлары талданып, діни білім ордалары, Бұқара, Самархан, Тәшкент, Хиуа, Хорезм, Түркістан, Қарнақ, Уфа, Стамбул, Бағдат, Кайр медреселері мен ондағы білім беру бағыттары баяндалды. Бұқарадағы білім берудің мазмұнына, білім беру бағдарламаларына мысалдар келтірдік. Атап айтқанда, діни ілімдермен қатар, тіл білімі, логика, құқықтану, медицина, әдебиет, т.б. ғылым салалары оқытылғандығын зерделедік. Сондай-ақ, аталған ғылым салаларының қазіргіше айтқанда, «Академиялық» білімдерге сәйкес екендігін ұсындық. Сонымен қатар алған білімдері бойынша арнайы құжаттар табыс етіліп, бұл білімдердің шығыс, Орта Азия аймақтарындағы ортақ білім беру контингентінде өзіндік мәртебесі бар екендігі көрсетілді. Қазақ даласындағы ахундар мен ишандардың алған білімдерінің жалпы бағыттарын көрсеттік. Нәтижесінде, олардың қазақ даласына сіңірген еңбегі мен ағартушылық саласындағы айтарлықтай еңбек еткендігі туралы тұжырымдар жасалды.

Түйін сөздер: ахун, ишан, медресе, сопылық, нақшбандия.

R. Smanov*

Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: SmanovPHD@gmail.com

Spiritual and cognitive origins and sources of knowledge of "Akhuns" and "Ishans" in the Kazakh steppe

The article outlined the tasks of studying the concepts of Akhun and Ishan, and conducted historical research on the spiritual sources and levels of knowledge from which they were taught. It has been shown that they come mainly from teachings dating back to the XIY-XY centuries. Having briefly analyzed the Sufi doctrine and its mysticism, we mentioned the main representatives. The naqshbandia branch of Sufism and its basic principles were demonstrated, religious philosophical worldview orientations were analyzed, religious educational institutions, Bukhara, Samarkhan, Tashkent, Khiva, Khorezm, Turkestan, Karnak, UFA, Istanbul, Baghdad, Cairo madrasas and directions of education were presented. We gave examples of the content of education in the masses, educational programs. In particular, along with religious teachings, we studied linguistics, logic, jurisprudence, medicine, literature, etc. We showed the general directions of knowledge acquired by akhuns and ishans in the Kazakh steppes. We also assumed that these areas of science correspond to "academic" knowledge, and also presented special documents on the knowledge gained and showed that this knowledge has its own status in the general education contingent in the East and Central Asian regions. As a result, conclusions were drawn about their merits to the Kazakh steppe and significant work in the field of enlightenment.

Key words: ahun, ishan, madrasa, sufism, naqshbandiya.

Р. Сманов*

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: SmanovPHD@gmail.com

Духовно-познавательные истоки и источники знаний «Ахунов» и «Ишанов» в казахской степи

В статье отражены задачи изучения понятий Ахун и Ишан, проведены исторические исследования об их ученых духовных источниках и уровнях образованности. Было показано, что они

происходят в основном из учений, восходящих к XIV-XV векам. Кратко проанализировав суфийское учение и его мистику, мы выделили основных представителей. Были показаны накшбандийская ветвь суфизма и ее основные принципы, проанализированы религиозно-философские мировоззренческие ориентации, освещены религиозные учебные заведения, медресе Бухары, Самархана, Ташкента, Хивы, Хорезма, Туркестана, Карнака, Уфы, Стамбула, Багдада, Кайра и другие образовательные направления. Приводим примеры содержания образования в массах, образовательных программ. В частности, мы изучали, что наряду с религиозными учениями изучаются такие области науки, как лингвистика, логика, юриспруденция, медицина, литература и др. Также мы предположили, что указанные области науки соответствуют «академическим» знаниям, а также представили специальные документы о полученных знаниях и показали, что эти знания имеют свой статус в общеобразовательном контингенте в восточном и среднеазиатском регионах. Мы показали общие направления знаний, полученных ахунами и ишанами в казахской степи. В результате были сделаны выводы об их заслугах в казахской степи и значительном труде в сфере просвещения.

Ключевые слова: Ахун, Ишан, медресе, суфизм, накшбандия.

Кіріспе

Ахун, Ишан түсініктеріне концептуалды талдаулар жасау осы дін иелерінің пайда болуы мен оның қазақ даласына таралуы жөніндегі тарихи-мәдени шолулар жасауға алып келеді. Өйткені, шындығында да, XIX-XX ғасыр басындағы ахундар мен ишандардың қызметіне дейінгі кезең олардың генезисінен тамыр тартады, сондықтан да, біріншіден, олардың діни түсінік-танымнан, нақтырақ айтқанда, ислам дініне қатысты екендігі белгілі жайт, сондықтан, осы мәселеге қатысты ислам тарихындағы ағымдарға шолу жасаймыз.

Екіншіден, олардың қазақ даласына таралуының да өзіндік тарихи-әлеуметтік негіздемелеріне де талдаулар жасауымыз керек. Үшіншіден, осы тарихи генезисті зерттеу ХҮІІІ-XX ғасыр басындағы ишандар мен ахундардың өмір салтымен, олардың әлеуметтік өмірімен, қоғамдағы қызметімен келіп сабақтасуы тиіс.

Бұл тұста, біз зерттеу бағдары ретінде сүйенетін материалдар: ахундар туралы шет елдік және отандық зерттеулер; басқа да шет елдердегі ахун аталғандар; ахундардың өмірбаяны мен шежірелік шығу тегі; олардың қызметтері; алған білімдері, оқыған кітаптары, қоғамдық саяси қызметтері, тұлғалық болмысы т.б.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Қарастырылып отырған «Ишан» мен «Ахун» ұғымдары мен олардың реалды қоғамдық өмірдегі қызметі негізінен тұлғалануынан, яғни, айтулы, танымал, жеке адам ретінде тағайындалуынан бастау алады. Бұл тұлғалар діни болғандықтан да, өзіндік бір әлеуметтік мәртебеге ие болады

және айрықша «персона» ретінде бағаланады, сонымен қатар, олардың да өзгеше субъект екендігінің әлеуметтік мәні бар деп саналады. Ендеше, діни өкілдер діни дүниетаным аясында, алғашқы діни сенімдер, ұлттық діндер, әлемдік діндер т.б. барлығына кең тараған құбылыс болып саналады. Мәселен, көне замандарда алғашқы қауымдық құрылыс пен алғашқы діни сенімдер үстемдік еткен кездері ру, тайпа басшысы көсемдер тек қана әлеуметтік мәртебелі, басшы, билеуші т.б. саяси қырымен қатар, діни қырлары да рухани-мәдени болмысымен келіп ұштасып жатты. Олар да рубасы, тайпа басшысы ретінде діни салттар мен ритуалдарды орындауды басты қызмет атқарғандығы белгілі.

Кейіннен әлемдік діндер пайда болғаннан кейін, дінге деген сенімінің дәрежесі, діни танымдағы орны мен ролі, насихаттаушылығы мен дін таратушылығы, уағызшылдығы, діни мәтіндерді түсіндірушілік қызметтері т.б. әрбір дінде әр түрлі және әрбір титулдық атаудың өзіндік болмысы да әрқилы болып келетін өзіндік бір институтты құрады.

Зерттеу мәселесінің мақсаты қазақ даласындағы ахундар мен ишандардың негізгі қызметі аясындағы олардың рухани-танымдық деңгейлері мен сусындауының діни көздерін анықтау. Осыған байланысты мынадай міндеттер қойылады.

- Ахундар мен ишандардың рухани көздерінің тарихи тұрғыдан әріден бастау алғандығы және олардың исламдық тармақтар бойынша біліктілігі мен білімділік деңгейін анықтау;

- Қазақ даласындағы сопылық, оның накшбандия тармағы, қадимшілдік білім беру мен сенімнен туындағандығын алғашқы бастаулар ретінде көрсету;

- Қазақ даласының ХҮІІ-ХІХ ғасырдағы діни ойшылдардың білім алған ордаларындағы

білім жүйесі мен білім беру бағдарламалары негізіндегі ағартушылық бағыттарын саралау;

- Ахундар мен ишандардың алған білімдерінің тарихи маңызы мен ағартушылыққа бет бұрған кезеңдерін талдау және олардың біліктілік деңгейін зерделеу, т.б.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Ахундар мен ишандардың өмірі мен шығармашылығына, біліктілік бастауларына орай, тарихилық ұстаным, ретроспектива мен интроспекция негізге алынды. Олардың білім алуының негізгі көздеріне зерделеу барысында діни эпистемология, діни білім беру мазмұнына герменевтикалық талдаулар мен экспликация қолданылды. Білім жүйесіне қатысты діни ұғымдар мен түсініктерге концептуалды-семантикалық талдаулар жасалып, жалпыдан жекеге қарай жүру, дедуктивті анализ әдістері пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Діни білім көздері мен бастаулары

Бұл тұста біз діни білімдерді жалпы ислам діни тарағаннан бері сабақтасып келе жатқан білім қорларына байланысты айтамыз. Яғни, бұл білімдер академиялық білімдер сияқты оқып үйренетін, санаға тоқитын және келер ұрпаққа үйрететін мол рухани қазына. Дегенмен, бұл тұста, біз қарастыратын мәселеге қарасты мынандай күрделі жақтары да жоқ емес. Бұл діни білімдердің эзотериялық болуы мүмкін екендігіне байланысты. Бірақ, оған да нақты деректер келтірілмейді. Егер, шындығында, бұл білімдер эзотериялық болатын болса, оны жалпы көпшілік емес, тек бір адамдардың санаулы, таңдаулы тобы ғана үйренеді және баршаға қол жетімсіз болуы керек. Ал, Ахундар мен ишандардың алған білімдері негізінен экзотериялық болып саналғанмен, бұл тұлғалардың ерекше қасиетке ие болуы, екінші бір қырынан алғанда, білімдерді эзотериялық сияқты қылып көрсетеді. Ал, қазақ арасында оларды «ерекше қасиетке ие болған адамдар» деп тануы туа біткен болмысына байланысты болып шығады. Бұл әрине өз алдына жеке зерттеуді қажет ететін мәселе.

Ахундар мен ишандардың ұстанған бағыттары мен діни білім көздері тым әріден бастау алады. Қ. Байбосынұлы тарихи мәліметтерге сүйене келе, ахундардың шығу тегін ХІҮ ғасырларға апарып тірейді және Орта Азия аймағына қатысты

шығыс, оның ішінде, парсылық шығыспен байланыстыра қарастырады: «Ахун атауы алғаш рет Темір әулетінің билігі тұсында жоғары дәрежелі діни атақ ретінде білімді, тақуа, танымал үлкен дін ғұламаларына қатысты қолданылған. Герат шаһарында үш медресе ұстаған, Гәнжәуи ныспысымен танымал Әзірбайжан ақыны Мәуланна Фасихидин осы атаумен танылған... Шығыс Түркістан мұсылмандары ахун атауын «ұстаз», «мырза» мағынасында мешіт имамдарына қатысты қолданса, Орта Азия мен Ресей мұсылмандары жоғары білімді діни қайраткерлерді осылай атаған» (Байбосынұлы, 2020: 7).

Сонымен қатар, бұл ілімдер сопылық ілімімен де байланысты болғандықтан, оның теориялық және тәжірибелік қырлары, ресми түрде білім беру бағдары да Орта Азия арқылы Қазақстан жеріне ХҮІІІ ғасырдан бастап тарап, атап айтқанда, қазіргі Өзбекстан жеріндегі Бұқара, Самарқанд сынды қалалардағы, жалпылама алғанда, шығыстық мұсылмандық мәдени дәстүрдің діни білім беру медреселерінде немесе басқа да оқу орындарында құрылымданғандығы белгілі. Ендеше, қазақ жеріндегі Ишан мен Ахундардың да осы біліммен сусындағандығын айқын болып отыр. Олар сопылық ілімнің тәжірибелік жақтарын да меңгеріп, өзгелерге ұстаз деңгейіне көтерілгендігі ұсынылады. Көзге көрінетін, көрінбейтін заттар, денелер, құбылыстар, іс-әрекеттердің бастапқы тылсым әлемінен болатын күші екендігін түйсінетін, кішіпейілдік танытатын, нәпсімен күресетін ілім-білім жинақтаған, өзгелерге жол сілтейтін қабылетті жан иесін ишан деп атайтындығын зерттеушілеріміз атап өтеді (Сманов, Исахан, 2021: 182-186).

Сопылық табиғаты

Дегенмен, бұл мәселені зерделеуде қиындық келтіретін тұстары да жоқ емес, ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы Бұхара, Самарқанд қалаларындағы діни оқу орындарының оқыту бағдарламалары туралы мәліметтердің тым аздығы және олардың көпшілігі Кеңес үкіметі тұсында жойылғандығы бұған дәлел. Дегенмен, біз Ахундар мен Ишандардың қызметін зерделеу барысында олардың алған білімдерінің бағыт-бағдарын анықтап алуымыз керек. Жоғарыда келтірілген мәліметтерге сүйене отырып, біз мынадай жалпыдан жекеленуге қарай жүретін тізбекті басты назарға аламыз: «Суфизм (Оңтүстік өңірде, әсіресе, Түркістан аумағында) – Накшбандия (Орта Азия: Бұхара, Самарқандта, т.б.) – Қадимшілдік (әсіресе, Оңтүстік Қазақстан облыстарында) –

Қазақстандағы діни оқу орындарының мазмұны (тұтас Қазақстан жерінде ХУІІІ-ХХ ғ. басы)».

Осыдан діни тәжірибе туындайды, өйткені, бұл ілімдер діни априорлы ноумендер емес, теория-практика арқылы жүзеге асатын құрылым. Сопылықтың бастаулары тым көне дәуірде пайда болғанмен, негізінен түркі даласында Ясауи ілімі тұсында қуатта түсті.

Ал сопылық 8-9 ғасырларда бастапқыда қазіргі Ирак, Сирия аймағында пайда болған. Олардың басты қағидалары Құдайдың хақтығына шек келтірмеу, жан тәнімен берілудің өзіндік техникасы мен технологиясын меңгеру, заттық қндылықтардан бас тарта отырып, тәндік ләззат алуды да ығыстыру, ерекше бір психологиялық күйге түсу арқылы құдаймен тоғысуды меңгеру т.б. Бұл ілім философиялық дүниетаным болғанмен, де өзіндік бір ерекшелігі тек теориялық қана емес, тәжірибелік қырлары да болуы және аскеттік өмір сүру мұраттарын сопылардың бастан өткізуі. Терең философиялық пайымдауларында арнайы категориялар мен ұғымдар жүйесі құрылымданған: көп жағдайда этикалық, онтологиялық болып келетін түсініктер дәруіш, зейін, ахуал, ғайып, ғайбат, сыр, ризық, ғалам т.б. Мухасибі құдайға қарай өрлейтін қас-қағым мезеттегі нұрлану қағидасын ұсынса, Джунайд-фана деп аталатын ішкі дүниенің тазаруын, мәңгілік еріп кетуді толғайды, шындыққа жету сатыларын осылай өзіндік тұжырымдама ретінде ұсынады. Ал түркі даласына бұл ұстанымды жеткізуші Қ.А. Ясауи болып табылады. Кейіннен қайта жаңғыртылған формалары: Шахразури, Дав-вани, Молда Садра, Хади Сабзивари идеяларымен толықтырылған. Бұл ілімнің өміршеңдігі кейіннен Орта Азия даласына кең жайылып, ХХ ғасыр басына дейін Орта Азия жерлерінде, қазіргі Өзбекстан аймағында өз деңгейінде сақталып қалуынан да анық байқалады. Сопылық негізінен ілім-білім, діни дүниетаным, эзотериялық таным, терапия, философия, өмір сүрудің айрықша дағдысы, кейде аскеттік өмір мұраттары, рухани кемелділік жолы, саф таза рухани адамгершіліктің биік өресі т.б.

Жоғарыда атап өткендей, Ишандар мен Ахундар Өзбекстан аумағында таралған сопылық, оның ішінде, нақшбандия ілімдерінен сусындағандықтан, бұл ілімдермен де тығыз байланысты болып келеді. ХІХ ғасырдағы жазбаларда: «Однако иные, дѣйствительно почтенные ишаны насчитываютъ тысячи послѣдователей даже среди горожанъ, преимущественно низшихъ кла-

совъ. А отдѣльныя суфійскія выраженія и идеи широко распространены среди всѣхъ туземцевъ нашего края; таково «іо пиримъ!» (О, старецъ мой!), – восклицаніе, произносимое туземцемъ при взлззаніи на лошадь; далѣе, «я, Ху!» (о, Онъ, т. е. Богъ) или «Худа-я!» (о, Господи!), – обычныя присловія челоувка, ничьмъ не занятого; да-лѣе, «тоуба», или «тоуба кылдымъ Худоба», т. е. «я смиряюсь предъ Господомъ», – выраженіе смиренного изумленія, или въжливаго недоуврія къ словамъ собесѣдника и т.п.», – деп сопылық пен ишандықтың бастапқы байланыстарын көрсетеді (Ишаны и суфизм, 1898: 8).

Дегенмен, бұл әрине, ресейлік көзқарастар тұрғысынан баяндалған болса да, олар жалпы табиғатында осы сопылық, пір, құдайға тәуба ету т.б. ритуалдар мен өмір салттарын бастан кешкендері белгілі. Өйткені, авторлар мен зерттеушілердің еңбектерінің атаулары да «Ишаны и суфизм» деп аталған және бұл шартты жиынтық атау болғандықтан, жеке нақты оқиғалар мен сипаттаулардан басқа тереңірек мағлұматтар сараланбайды. Сайып келгенде, ишандардың тасауф, сопылық ілімдерімен қаруланғандығына да тоқталып өтеді: «Ишаны, привлеکشіе на себя къ последнее время вниманіе русскаго общества, суть наиболее уважаемые представители особаго мусульманскаго ученія, именуемаго у европейцевъ суфизмъ, отъ слова «суфи» / адентъ этого ученія; у мусульманъ это ученіе называется «тасаввуфъ» / Изъ рядовъ представителей суфизма вышли почти всѣ мусульманскіе святые, а также весьма многіе поэты и философы мусульманскаго міра; къ этому же ученію принадлежали нѣкоторые дѣятели, игравшіе видную роль въ политической исторіи ислама. Въ настоящее время въ мусульманскихъ странахъ суфіи являются главными духовно-нравственными руководителями народа» (Ишаны и суфизм, 1898: 9).

Нақшбандия тармағына шолу

Негізінен алғанда, сопылықтың нақшбандия тармағы да көп зерттелмеген тақырыштардың бірі, әйтсе де соңғы жылдардағы Өзбекстандағы зерттеулер бойынша ХІІ ғасырдан бастап, сопылықтың – йассавийа, хаджаган-нақшбандийа, кубравийа и ишкийа тариқаттары Орталық Азияда пайда болған және оларды ішіндегі ең бастысы – хаджаган-нақшбандийа екендігін атап өтеді. Бұл бағыттың Өзбекстан елі үшін руханиятын қалыптастыруда кезінде аса маңызды роль атқарғандығын көрсетеді (Рахимов, 2020: 313). Нақшбандия тарихаты Қазақстандық ғалымдар

тарапынан көп зерттелмесе де, ресейлік, тәжік-стандық, өзбекстандық, башқұртстандық дінтанушылар суфиликтің философиясына, әсіресе, оның тәжірибелік жақтарына, атап айтқанда транс пен медитация арқылы өтетін медицинасы мен терапиясына баса назар аударды. Кейбір ғалымдары оны әлеуметтік-этикалық ілім, діни моральдің тек насихаттық формасы емес, философиялық және тәжірибелі маңызы бар әлеуметтік ілім деп бағамдау тұрғысынан келсе (Сафарова, 2011: 17), кейбір зерттеушілер оның эзотериясы мен күрделі психотехникасына үніліп, көне замандардан бастау алған құндылықтарына адам дамуы ұмтылыстарының ерекшеліктері мен демалу, физикалық жаттығу т.б. арқылы адам рухының мүмкіндіктері туралы екендігін баяндаса (Музаффар Хаджи, 2006: 44-52), сондай-ақ, кавказ жерлеріне тараған суфизмнің де өзіндік ерекшелігі оның тәжірибелік жағында болғандығына баса назар аударғандар да, оның құндылықтық қырларын саралайды (Баранова, 2005: 117).

Нақшбандия тарихатының дамуын және ондағы эзотериялық форманың негізгі бағыттарын ашып беруші Х.У. Саматов оның өкілдерінің еңбектері арқылы зерделейді (Саматов, 2018: 278). Ресейдегі суфилик терапияға көңіл аудару тек теориялық қана емес тәжірибе жүзінде де оның денсаулыққа пайдасы бар, көнеден келе жатқан өзіндік бір тұтас жүйе екендігіне тоқтала отырып, діни мазмұнының тереңдігін де көрсетеді (Музаффар Хаджи, 2006: 156). Мұндай зерттеушілік пен қызығушылық бағдар негізінен Ресейде ХХ ғасыр соңында қайтадан қолға алынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Діни білім ордалары мен олардағы білім мазмұны

ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда Қазақстан жеріне бұндай іргелі діни оқулар көп болмағанға ұқсайды, сондықтан да қазақ азаматтары – Бұқара, Самархан, Тәшкент, Хиуа, Хорезм, Түркістан, Қарнақ, Уфа, Стамбул, Бағдат, Кайр медреселерінде білім алған. Сопылық ілімдер мен оқулар сонымен қатар көріп отырғанымыздай, татар мен башқұрт жерлеріне де тараған және діни білімдерінде де осы бағыт назардан тыс қалмаған. Мысалы, Н.Р. Сабилов ХҮІ-ХҮІІІ ғасырларда татарстан жерінде сопылық маңызды болғандығын, нақшбандия бағыты белең алғандығын атап өте отырып, оның бастау-

ын ХІҮ ғасырда өмір сүрген Бахаведдин хәзреті Нәкшбәнт деп алатындығын көрсетеді. Бірақ бұл оқу орындарындағы білімдердің барлығы тұтасымен нақшбандия тарихатын ғана оқытты деген біржақты түсінік туындамауы тиіс. Әйтсе де, жоғарыда айтылғандай, ахундардың халықтық медицинаны меңгергендігі мен ауруларға рухани-психологиялық тұрғыдан ықпал ете алатындығы туралы ақпараттар осыны айғақтайды. Әрине, бұл қалалардағы діни оқулардың нақты бағдарламалары жете таныс емес, ал зерттелген сәтте де оның өзіндік ерекшеліктерін ашу қиындықтар туығызады. Дегенмен, кейбір көзқарастар Орта Азиядағы әлеуметтік жағдайдың артта қалуы сол діни схоластикалық ілімнің салдары деп те санайды: «ХІХ ғасырда Орталық Азия, атап айтқанда Бұхара Әмірлігі әлеуметтік-саяси және мәдени дағдарыс жағдайында болды. Мұнда феодалдық-патриархалдық қатынастар үстемдік етуді жалғастырды. Орта Азия хандықтарының бүкіл әлемнен оқшаулануы, өндіргіш күштердің дамуындағы тоқырау, схоластикалық білімнің үстемдігі олардың саяси, әскери және мәдени артта қалуының негізгі себептері болды» (Зокирзада, 2020: 256).

Әрине, сол дәуірдегі Орта Азияда, оның ішінде Бұхарадағы діни оқуларға деген біржақты көзқарастар да қалыптасты, оны артта қалған феодалдық сарқыншақтар, ескішіл консерваторлық деп санайтын Кеңестік дәуірдің идеологиясына бағындырылған зерттеулер де бар. Біздің пайымдауымызша, берілген мұндай бағалардың тек объективті жағдайлары мен статистикалық мәліметтерін ғана негізге алуымыз қажет. Исламдық руханияттың білім беру жүйесін өз қолына алғандығын атап өтуіміз керек. Бірақ олар зайырлы пәндерге терең бойламаған: өз бетінше ойлау жетістік болып саналмады. Әмір, мемлекет басшысы жаңа мектептерді қажет деп таппады. Бұқараның медреселерінде зайырлы ғылымдар жоққа шығарылып, тек діни пәндер оқытылды. Бұл кезеңде ең ықпалды діни орталықтар Бұқара мен Қоқан болған, онда Орталық Азия мен Ресей студенттері оқыды. Бұқара мен оның аймағында көптеген медреселер болды (Зокирзада, 2020: 257).

Бірақ Орта Азияның көптеген қалалары, оның ішінде, Бұқара қаласы да сол дәуірдегі білім берудің өзіндік бір үлгісін қалыптастырғандығы соншалық білім алушылардың саны да бірте-бірте арта түсті, олар мешіттер ғана емес, шығыс аймақтарда өзіндік орны мен мәртебесі бар ме-

дреселерге айналды, шындығында, саны мен сапасы жөнінен де прогрессивті мәнге ие болды. Тәжік ғалымы Ш.Абдуллаев өзінің монографиясында атап өткендей, «бір Бұхарада 200-ге жуық медресе болған, ал орыс шығыстанушысы Н. Ханьковтың мәлімдемесі бойынша білім алушылардың тізімінде 9-дан 10 мыңға дейін адам болған екен (Абдуллаев, 1994: 70). Бұл білім орындары қазіргі өлшеммен қарағанда, жоғары, мәртебелі рухани ілім беретін мекемелер (академия деңгейіне дейінгі) болған. Алдымен, сауат ашу, одан соң мақтабарда білім алу, содан кейін медреселермен келіп жалғасын тауып отырған. Г.С. Омарова өз зерттеулерінде атап өткендей, «Қазақ жерінде қожалар, сол кездегі діни білімді адамдар алдымен қазақ хандары мен ақсүйектер балаларын оқытты. Алғашқы діни білім мақтаба беріліп, оқушылар араб тілін, Құран қирағаттарын үйреніп, мақтабты бітіргендер жоғары оқу үшін медреселерге (мадраса) түсті. Қазақ жерінен білім іздеушілер діни білім орталығы Түркістан, Бухара («Мирараб», Кокелташ, т.б. медреселері), Самарқан т.б. медреселерінде жоғары білім алды» (Омарова, 2012: 49).

Т. Дәрменовтың жинақтауларында Орал ахунның өмір жолы туралы деректерінде де осы оқу сатылары анық көрсетіледі: «Жастайынан ауыл молдаларының мектебінде оқып, мұсылмандық тәлім-тәрбиесін көріп өсті. Мұндай адамдарды қазақ «мектеп көрген» деп жатады. Көрген мектебі, оқып-тоқыған ілімі талантты жасты тыным тапқызбасы аян. Осындай талап Оралды шалғай түкпірдегі ауыл деңгейінде жатқызбай Бұхараның Көкілташ медресесіне аттандырды. Медресе мұсылмандық жоғары оқу орны. Әсіресе, Көкілташ Орта Азияның аса ірі оқу орталығы саналатын. Бұл кезде Орал атамьз он жаста екен. Сол кездегі ауыл молдалары үйреткен ислам ілімінің алғашқы білім сатыларының өте мықтылығы сонда, адам санасына құйылар шапағатының өте күштілігі болу керек, он жастағы ауыл баласының Бұхарадағы Көкілташты тандауының өзі көп жағдайды аңғартса керек. Әрине, бұл мәселеде жеке бастың талап, талант, қабілет-қарым, зейін-зерде деген басты өлшемдері де үлкен роль атқаратындығы сөзсіз. Дегенмен, ауыл молдалары үйреткен алғашқы мұсылмандық, имандылық әліппесінің өте үлкен әсерін де жоққа шығаруға болмайды» (Дәрменов, 2016: 23). Ал екінші бір қырынан келгенде, Бұхарадағы медреселер қазіргі жоғары оқу орындары қызметін атқарған және академиялық білімдер де берілген, оның бағдарламалары ту-

ралы мынадай мағлұматтар беріледі: «Медресе мұсылман құқығы (фикх) және араб грамматикасы оқытылатын жалғыз жоғары мектеп болды. XIX ғасырдағы Орта Азияның рухани мекемелерінде оқыту бағдарламасы пәндердің екі түрін оқытуға арналған: жалпы білім беретін пәндер – мушкилат (келесі кітаптар зерттелді: «Шамсия» – логика, «Хамия» – «логикаға» түсініктеме, «Акоид» – догматика, «Тахзиб» – диалектика, Мулла Джалалдың «Хикмат-ул-айн-метафизика» – логика және теология, «Тавзих» – Құран туралы, жиналған хадистер туралы мәліметтер «Мускат' – және Шариф» – канондық дәстүрлер, және тафсир-және Қазі-және Байзави-Құранға түсініктемелер) және заңды-масала (Масал курсы келесі кітаптардан тұрды: «Фикх-кайдани» – міндетті, мақұлданған және мақұлданбаған «Мұхтасар-ул-викая» – діни-мемлекеттік құқықтың қысқаша мазмұны, «Шарх – ул-викая» және «Хидая-и Шариф» – «Мұхтасар-ул-викая» (Зокирзада, 2020: 256).

Ахундар мен Ишандардың исламдық білімдері сол дәуірдегі Орта Азиядағы көптеген, сан түрлі ислам бағыттарының арасында, жоғарыда атап өткендей, әсіресе, сопылықтың нақшбандия тарихаты бойынша жүргізілді, бірақ олар атеистік көзқарастар тұрғысынан бағамдалғандай, әлдеқандай бір діни фанаттықты уағыздамады, керісінше, сол дәуірде халық арасында айтарлықтай беделдерге де ие болғандығын А. Назаровтың, С.П. Толстовтың зерттеулерінен де көруімізге болады: «Айта кету керек, бұл кезеңде сопылық сенушілерге үлкен әсер етті. Ол халықтың мұсылман өміріне сіңгені соншалық, ол осы уақытқа дейін оқшауланған Ислам сектасы болып саналмады» (Назаров, 2008: 114). «Сопылық өкілдері мешіт имамдары мен билеушілерден гөрі құрметке ие болды. Орталық Азиядағы ең көп таралған сопылық тарихат Нақшбандия мен Ясауия болды. Нақшбандия пайда болғаннан бері Орта Азияның отырықшы түркі-парсы халқы арасында кең таралды, онда діни қызметкерлер үлкен ықпалға ие болды. Бұхара өз заманындағы ең ірі білім беру орталықтарының бірі болды және Нақшбандия Мұсылман ғалым элитасының идеологиясына айналды. Орта Азияда Дәруіш тарикаттары таратылды: нақшбандия (Самарқанд және Бұхара), кадирия (Ферғана), каландария, сондай-ақ кубравия (Хорезм)... Бұрынғыдай, ишан көптеген муридтердің (шәкірттердің) және халифаның пірі (тәлімгері) болды, одан «хати иршад» – ишан болу құқығын беретін құжат алды.

Сопыларды дінбасылардың жеке бір қанаты деп санауға болады. Олардың мұсылмандық өмірдегі әсері орасан зор болды. XX ғасырдың басында тек бір Ташкентте 50 ишан және олардың 400 мүридтері болды (Толстов, 1931: 27). Н.М. Зокирзода бұл тұста, Орта Азиядағы қазақстандық ишандар білім алған исламдық ілімдерге негізінен объективті тұрғыдан баға беруге ұмтылады: «Нақшбандизм, атап айтқанда, өз жақтастарын адал еңбек етуге, мамандыққа ие болуға, қолөнер жұмыстарына бағыттауға шақырды. Бұл ғылымның, мәдениеттің және экономиканың дамуына әсер етті. Сопылықтың негізін қалаушылардың қабірлері жыл бойы, әсіресе көктемде оларға баратын мұсылмандардың қажылық орны болды. Мұндай қажылық орындары Түркістан қаласындағы Ахмед Ясауи, Бұхарадағы Бахауддин Нақшбанд, Самарқандтағы Қожа Ахрар және т. б. қабірлері болды» (Зокирзода, 2020: 257). Бірақ бұл тұстағы сопылықты оның діни құпия ілімдері, эзотериялық бағыттағы, мистикаға негізделген, әрі тәжірибелік білім деп қарастырған жөн сияқты. Осы құпиялылық, шындығында да, эзотериялық болғандықтан көп зерттелмеген арналардың бірі, бірақ бұл құпиялықты еуроцентристік тұрғыдан қарап, әлдеқандай бір сиқырмен, қарапайым көзбояушылық қарамағиямен, гипнозбен т.б. шатастыруға болмайды, бұл сопылықтың нақшбандия тармағындағы құпия ілімдер іргелі ізденістер мен талантты, тәжірибе мен дағдыларды, сенім мен парасатты тұтас қажет ететін синкретті жүйе болып табылады. «Әулиелер мен ишандардың ілім деңгейі қандай дәрежеде болған дегенге келетін болсақ, олар Құран, тәпсір, хадис, фикһ, кәлам, ихсан ілімдерін меңгеріп, ғұмырын дүниеуи мақсатқа емес, рухани салаға арнағандықтан, халық «әулиелер мен ишандар ілімі» деп санаған» (Сманов, Исахан, 2021: 185). Әсіресе, әулиелер мен ишандар жүрек көзі ашылғанда сезінетін құпия ілімді (илму-ләдуни) игеруге ерекше мән берген. Бұл жүрек көзі, интуиция, терең сезімдік бағдар, өзіне-өзі шексіз үңілу арқылы құдай болмысын тану жолымен барып жететін «нұрлану» деп аталатын өзіндік бір биік саты болып саналған. Бірақ түптеп келгенде, Н.М. Зокирзода бұл ілімнің ханафи мазхабын негізге алатындығын да назардан тыс қалдырмайды. Орталық Азияда ханафит мазхабының негізіндегі нақшбандия бағыты кең таралғандығын атап өтеді. Ханафит мазхабы Орта Азияда суниттік халықтар үшін шарифат

формасының басым бағыты ретінде ғасырларға созылғандығын және бұл аймақтағы Парсы, Түрік халықтарының өзара теңдігін қамтамасыз еткендігін, төзімділікті сақтағандығын да ерекше атап көрсетеді (Зокирзода, 2020: 258).

Шындығында да, қазақ даласындағы ахундар мен ишандардың өмірбаяндары мен шығармашылық істері, өмір салттары, білім беру жүйесі турасында олардың қазіргі үлгімен айтқанда, дәстүрлі исламдық канондарды ұстанғандығы туралы баяндаулар ғана айтылады. Шындығында да, сол дәуірдегі исламның өзіндік бір ағартушылық, прогрессивті мәні болғандығы туралы тұжырымдар былайша тиянақталады. Шығыс халықтарында діни түбірлестік таным мұсылмандық қоғамында ерекше орны бар ықпалды руханият болды (Зокирзода, 2020: 254).

Қорытынды

Ахундар мен ишандардың ұстанған бағыттары рухани көздері, алған білімдеріне орай, олардың біліктілігі мен рухани болмысын, сауаттылық деңгейінің әр түрі қырлары туралы мынадай қортынды жасауымызға болады.

- бәріне міндеттелген ортақ болмаса да, алған білімдерінің мазмұны мен діни-рухани көздері: сопылық, нақшбандия, эзотеризм, тіл білімі, әсіресе, араб-парсы, қазақ-түркі, орыс-татар, тіпті көне шағатай тілдері, т.б. Кейбір деректерде, сопылықтан туған «ишанизм» деген атауды да көрсетеді.

- тек қана діни арнада емес, академиялық ғылым салалары (астрономия, медицина, әдебиет, т.б.) және олардың батыстық, шығыстық, исламдық, түркілік бағыттағы арналары мен осы ілімдердің тарихын да игерген. Бұл білімдер көне замандардан, орта ғасырдан бастау алып, кейінгіге жалғасқан білім қорларымен де жабдықталған. Ишандардың, ахундардың өздеріне тиеселі ірілі-ұсақты жеке кітапханалары да болған.

- алған білімдерінің нәтижесінде, сол кезеңдегі шығыстық руханият орталықтары ретінде танымал болған және ресми біліктілігі мен білімділігі үшін, арнайы (шатырхат, ижаза) диплом алған, ол ресми түрде шығыстық араб-мұсылман әлеміне, Орта Азияда, татар-башқұрт діни мекемелерінде т.б. ресми түре мойындалған құжат ретінде бекітілген. Өйткені, әрісі Мысыр, Стамбұл, Ауғанстан, Солтүстікте Уфа, Қазан, Оңтүстікте Бұқара, Самарқанд сынды қалаларды қамтитын үлкен ареалды қамтылған.

- алған білімдері арқылы «Ахун», «Ишан» деген тиеселі лауазымдарға ие болған және ол сол білім ордалары қазақ даласында да мойындалғандықтан, олар арнайы, мәртебелі титулдар ретінде бағаланған. Бұл білімдер 3-10, кейде одан да көп жылдарға созылғандықтан, қазіргіше айтқанда «академиялық деңгейдегі» біліктілікке дейін көтерілген.

- білім беру, алдымен, әліпби тану, мектеп, медресе т.б. арқылы өрлеп отыратын жүйелі білім жүйесімен жабдықталғандықтан, қазақстандық діни ұстаздар да осы саты бойынша білім алған. Сондықтан да алған білімдері бойынша, кейіннен, қазақ даласында өзіндік ірілі-ұсақты оқу орындарын ашқан немесе ашылған орындарда дәріс берген.

Әдебиеттер

- Абдуллаев Ш. (1994) Маорифпарвари ва озодфикри (Просветительство и свободомыслие). – Душанбе. – 213.
- Байбосынұлы Қ. (2020) Ахундар мектебі қалай қалыптасты? // Мұнара газеті. №12(18). 23.06.2020. – 7.
- Баранова И. пер. с англ. (2005) Суфийские практики Тариката Накшбандия: в соответствии с указаниями Султана уль-Аулия Шейха Абдуллы ад-Дагестани/предисл. и коммент. Шейха Назима аль-Хаккани. – Орел: ИНБИ. – 234.
- Дәрменов Т. (2016) Ишандар өткен ғұлама, Хабар берген Алладан. – Қызылорда. – 200.
- Зокирзода Н. М. (2020) Особенности религиозного сознания население Центральной Азии во второй половине XIX в // Н. М. Зокирзода // Вестник Педагогического университета. – № 6 (89). – 253-258.
- Ишаны и суфизм (1898) Перепечатано изъ №71 и 72 «Туркестанскихъ Вѣдомостей» за 1898 г. Типо-лит. Бр. Порцевыхъ.
- Музаффар Хаджи (2006) Уроки чтения сердцем. Суфийские секреты здоровья. – М.: Прайм Евро-знак. – 216.
- Назаров А. (2008) Особенности религиозной жизни мусульман Центральной Азии в начале XX века // Первая русская революция и пробуждение народов Азии. Материалы научно-практической конференции, посвященной 100-летию завершения первой русской революции. – Душанбе. – 204.
- Омарова Г.С. (2012) Қазақ ишандары мен діни қайраткерлердің қазақ жерінде ислам құндылықтарын қалыптастырудағы қызметі // ҚазҰУ хабаршысы. Философия сериясы. Саясаттану сериясы. Мәдениеттану сериясы. №2 (39). – 48-51.
- Рахимов К. (2020) Хожогон-накшбандия тариқати ва етти пир. – Тошкент: Узбекистон. – 313.
- Сабиров Н.Р. (2022) Суфийские традиции в татарской литературе / Н. Р. Сабиров // Исламский фактор в истории Волго-Уральского региона: материалы Всероссийской научно-практической конференции, посвященной 1100-летию принятия ислама в Волжской Булгарии, Чебоксары, 12 мая 2022 года. – Чебоксары: Чувашский государственный педагогический университет им. И.Я. Яковлева. – 109-117.
- Саматов Х.У. (2018) Махдуми Аъзам Касани – теоретик и продолжатель тариката Накшбандия / Х. У. Саматов // Востоковедение: история и современность: материалы Международной научно-практической конференции для студентов, магистрантов, аспирантов и молодых ученых, посвященной 10-летию востоковедческого направления кафедры востоковедения и башкирского языкознания Башкирского государственного университета. – Уфа: Башкирский государственный университет. – 273-277.
- Сафарова С.Д. (2011) Социально-этическое учение накшбандия: специальность 09.00.03 «История философии»: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата философских наук / Сафарова Сайлинисо Додиевна. – Душанбе. – 26.
- Сманов Р., Исахан М. (2021) «ИШАН» және «АХУН» діни лауазымы мен мәртебесінің шығу тегі, ұғымы, сипаттамасы // Ұлттық рухани тұтастықты дамытудағы діни білім берудің маңызы: – Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: «Нұр-Мұбарак» баспасы. – 304.
- Толстов С.П. (1931) Религии народов Средней Азии // Религиозное вероисповедание народов СССР. – М.: ОГИЗ Московский рабочий. – 270.

References

- Abdullaev, Sh. (1994) Maorifparvari va ozodfikri (Prosvetitel'stvo i svobodomyслие) [Enlightenment and Freethinking]. – Dushanbe. – 213. (in Uzbek)
- Bajbosynyly, K. (2020) Ahundar mektebi kalaj kalyptasty? [How the School of Akhuns was formed?] // Newspaper Munara. №12 (18). 23.06.2020. – 7. (in Kazakh)
- Baranova, I. tr. from English (2005) Sufijskie praktiki Tarikata Nakshbandiya: v sootvetstvii s ukazaniyami Sultana ul'-Auliya Shejha Abdully Ad-Dagestani / predisl. i komment. Shejha Nazima al'-Hakkani [Sufi practices of the Naqshbandi Tariqat: in accordance with the instructions of the Sultan ul-Auliya Sheikh Abdullah Ad-Dagestani / foreword. and comment. Sheikh Nazima al-Haqqani]. – Orel: INBI. – 234. (in Russian)
- Darmenov, T. (2016) Ishandar o'tken gulama, Habar bergен Alladan [Ishans are the past Scholars, who gave the message from Allah]. – Kyzylorda. – 200. (in Kazakh)
- Ishany i Sufizm (1898) Perepechatano iz' №71 i 72 «Turkestanskikh' vedomostej» za 1898 g. [Ishans and Sufism. Republished Turkestan Statements from 71-72 for 1898 year]. – Tipo-litography of Porcevyh Brothers. (in Russian)

Muzaffar Hadzhi (2006) Uroki chteniya serdcem. Sufiskie sekrety zdorov'ya [Lessons in reading with the heart. Sufi secrets of health]. – M.: Prajm Evro-znak. – 216. (in Russian)

Nazarov, A. (2008) Osobennosti religioznoj zhizni musul'man Central'noj Azii v nachale XX veka // Pervaya russkaya revolyuciya i probuzhdenie narodov Azii. Materialy nauchno-prakticheskoy konferencii, posvyashchyonnoj 100-letiyu zaversheniya pervoj russkoj revolyucii [Peculiarities of the Religious Life of the Muslims of Central Asia at the Beginning of the 20th Century // The First Russian Revolution and the Awakening of the Peoples of Asia. Materials of the scientific-practical conference dedicated to the 100th anniversary of the end of the first Russian revolution]. – Dushanbe. – 204. (in Russian)

Omarova, G.S. (2012) Kazak ishandary men dini kajratkerlerdiñ kazak zherinde islam kundulyktaryn kalyptastyrudagy kyzmeti [The service of Kazakh monks and religious leaders in establishment of Islamic Values in Kazakh Land] // Bulletin of KazNU, Series of Philosophy, Political Science and Cultural Studies. №2 (39). – 48-51. (in Kazakh)

Rahimov, K. (2020) Hozhagon-nakshbandiya tarikati va etti pir [The Tariqat of Khojagon-Nekhshbandi and Seven Saints]. – Toshkent: Uzbekiston Press. – 313. (in Uzbek)

Sabirov N.R. (2022) Sufijskie tradicii v tatarskoj literature / N. R. Sabirov // Islamskij faktor v istorii Volgo-Ural'skogo regiona: materialy Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii, posvyashchennoj 1100-letiyu prinyatiya islama v Volzhskoj Bulgarii, Cheboksary, 12.05.2022 [Sufi traditions in Tatar literature / N. R. Sabirov // Islamic factor in the history of the Volga-Ural region: materials of the All-Russian scientific and practical conference dedicated to the 1100th anniversary of the adoption of Islam in the Volga Bulgaria]. – Cheboksary: I.Ya. Yakovlev Chuvash State Pedagogical University. – 109-117. (in Russian)

Safarova, S.D. (2011) Social'no-eticheskoe uchenie nakshbandiya: special'nost' 09.00.03 «Istoriya filosofii»: avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filosofskih nauk / Safarova Sajliniso Dodierna [Social and ethical teaching of Nakshbandiya: specialty 09.00.03 "History of Philosophy": abstract of the dissertation for the degree of candidate of philosophical sciences / Safarova Sayliniso Dodierna]. – Dushanbe. – 26. (in Russian)

Samatov, H.U. (2018) Mahdumi A'zam Kasani – teoretik i prodolzhatel' tarikata Nakshbandiya / H. U. Samatov // Vostokovedenie: istoriya i sovremennost': materialy Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii dlya studentov, magistrantov, aspirantov i molodyh uchenyh, posvyashchennoj 10-letiyu vostokovedcheskogo napravleniya kafedry vostokovedeniya i bashkirskogo yazykoznanija Bashkirskogo gosudarstvennogo universiteta [Makhdumi Azam Kasani – theorist and successor of the Naqshbandi tariqat / Kh. U. Samatov // Oriental studies: history and modernity: materials of the International scientific-practical conference for students, undergraduates, graduate students and young scientists dedicated to the 10th anniversary of the Oriental direction of the Department of Oriental Studies and Bashkir Linguistics Bashkir State University]. – Ufa: Bashkir State University. – 273-277. (in Russian)

Smanov, R., Isahan, M. (2021) «ISHAN» zhәne «AHUN» dini lauazymy men мәртебесиниң shygu tegi, ugymy, sipattamasy// Ultyk ruhani tutastykty damytudagy dini bilim berudiñ маңызы: – Halykaralyk gylymi-tәzhiribelik konferenciya materialdary [The origin, concept, description of the religious position and status of "ISHAN" and "AKHUN" // The importance of religious education in the development of national spiritual integrity: – Proceedings of the international scientific and practical conference]. – Almaty: «Nur-Mubarak» University Press. – 304. (in Kazakh)

Tolstov S.P. (1931) Religii narodov Srednej Azii // Religioznoe veroispovedanie narodov SSSR [Religions of the peoples of Central Asia // Religious confession of the peoples of the USSR]. – M.: OGIz Moskovskij rabochij. – 270. (in Russian)

Zokirzoda, N. M. (2020) Osobennosti religioznogo soznaniya naselenie Central'noj Azii vo vtoroj polovine XIX veka. // Vestnik Pedagogicheskogo universiteta [Features of the religious consciousness of the population of Central Asia in the second half of the twentieth century. // Bulletin of the Pedagogical University]. №6 (89). – 253-258. (in Russian)